




## Асқаров Әлібек. Қиғаш хикаясы

Жазушының жаңа жинағына кезінде оқырман қауым жақсы қыбылдаған «Әйел парасаты», «Социализм әңгімесі», «Аңшы хикаясы» топтама туындылары, «Сафари жазбалары» атауымен жолжазба эсселері, сондай-ақ әр жылдарғы таңдамалы әңгімелері енгізіліп отыр.

Кітап жалпы оқырман көпшілікке арналады.



**Ахмедов Ғалым.**

**Жем бойында: Тарихи роман**


Белгілі жазушы, аудармашы Ғалым Ахмедовтің бұл романына ХІХ ғасырдың орта тұсында еліміздің батыс өңірінде өріс алған тарихи оқиғалар негіз болған. Шығарманың басты кейіпкері – бүкіл өмірін қазақ халқының тәуелсіздігі мен азаттығы жолындағы күреске арналған атақты батыр Есет Көтібарұлы. Нақты құрылған роман оқиғаларының шынайлығымен де оқырманды тағылымды ойға бастайды.



**Асқаров Әлібек.  
Әдебиет әлемінің әзілдері.**

Белгілі жазушы Әлібек Асқаровтың «Әдебиет әлемінің әзілдері» атты кітабына қазақтың ақын-жазушылары мен ірі тұлғаларының ұлағатты сөздері мен әдемі әзілдері енгізілді.


Кітап барша оқырман қауымға арналған.



**Роберт Грин**  
**Билік баспалдақтары немесе**  
**құдіретті болудың 48**  
**қағидасы**

Бұл кітап – кімде –кім билік құрғысы келсе жолбасшылыққа жарайды, билікпен бетпе-бет келгендерге-қамалдай қорған бола алады.

Айналуына, әлемді шарпыған кризистен еш қиындықсыз шығуға жәрдем береді. Оқыңыз, ой түйіңіз, кризистен шығуға әрекет етіңіз!



## Ахметова Зейнеп Күретамыр


Бұл кітапта халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдарының мағынасы жас ұрпаққа кеңінен түсіндіріледі. Осы арқылы бұрынғы жақсы мен бүгінгі жаңаны ұштастырып, ұлттық болмыстан айнамай, қазақы тәлім-тәрбиенің мәнін ұғындырады. Кітапта құрсақ шашудан бастап, баланың алғашқы мүшеліне дейінгі аралықта салт-дәстүр, жөн-жоралғылар барынша қамтылған.



## **Рысмендиев Аманжол. Кризистен шығудың 7 жолы**

Жетістікке жетуге, өзінің ортасында көшбасшы болуға, жақсы өмір сүруге әркімнің-ақ таласы бар. Десе де алдына қойған мақсатының бәрі бірдей орындалып, биік шыңнан көрінетіндер көп емес. Кітап алдына қойған мақсаты орындалмай, белгілі бір салада табысқа жете алмай жүрген жандарға арналады. Автор өзінің осы күнге дейінгі алған білімі мен өмірлік тәжірибесімен бөлісе отырып, Сіздердің армандарыңыздың шындыққа айналуына, әлемді шарпыған кризистен еш

қиындықсыз шығуға жәрдем береді. Оқыңыз, ой түйіңіз, кризистен шығуға әрекет етіңіз!



## Әлімгерейұлы Өтепберген. Үлкен шаңырақтың уықтары

Қандай елдің көркеюі де ондағы халықтардың ұлы достығы, бірлігі арқасында жүзеге асады. Үлкен Қазақстанның бір бөлшегі Атырау облысы болса, онда бұл күнде 85 ұлттың өкілі тату-тәтті өмір сүруде. Өтепберген Әлімгереевтің бұл кітабында достық пен бірлікте өмір сүріп жатқан атыраулықтар мен оларға көршілес Ресейдегі қандастырымыздың кешелі-бүгінгі тағдырлары жайлы жазылған.



## **Бисекеев Серикбай. Сделай себя сам**

Известный бизнесмен сформулировал принципы жизни, которые помогли ему стать успешным. Автор открыто беседует с читателем, искренне рассказывает истории из своей жизни, делится секретами успеха, дает практические советы начинающим бизнесменам.

Книга станет настольной для современных менеджеров, начинающих предпринимателей, и людей, мечтающих о собственном бизнесе или ищущих свой путь в жизни.






## **Бисекеев Серікбай. Бәрі де өз қолында.**

«Бәрі де өз қолында» кітабында танымал бизнесмен Серікбай Бисекеев өзінің жетістікке жетуіне көмектескен өмірлік ұстанымдарын жазды. Автор оқырмандармен ашық әңгімелеседі, өз өміріндегі жәйттарды бүкпесіз жайып салады, жетістікке жету құпияларымен бөліседі, ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлерге кеңестер береді.

Кітап қазіргі менеджерлерге, бизнесті енді ғана бастағандар мен өз кәсібі

жайлы армандайтын немесе өмірден өз жолына деген адамдардың қажеттілігіне жарайды.\



## **Ниял Фергюсон. Ақша. Дүниежүзінің қаржы тарихы.**

Ақша әр адамның өмірінде тиісті орын алады және ешкімді де бейжай қалдырмайды. Ақшаның тылсым күші өзіне тартып та тұрады. Атақты британ тарихшысы Ниял Фергюсон осынау олқылықтың орнын толтыруға бел буып, алдына қойған міндетін ойдағыдай атқарып шыққан. Өзінің дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың ең ұшыққан кезеңінде жарық көрген осы жаңа еңбегінде ол ақшаның көне заманнан қазіргі күнге дейінгі өткен жолын қалпына келтіреді, күрделі

қаржы ұғымдары мен терминдерінің мағынасына қарапайым да анық түсінік береді, тамыры анағұрлым тереңге кеткен адасуларды түзетеді. Мұнымен қатар, әрине, қазіргі дағдарыстың себептеріне толық тоқталады. Бүгінгі таңда әлемдік қаржы жүйесінің бөлігі болып табылатын адамдардың қатары барған сайын өсуде, демек, дүниежүзінің қаржы тарихымен танысу бұрыңғыдан да маңыздырақ мәселеге айналып отыр.